

[2] Цеханович М.А. Суффикс -ск в русской топонимии и проблема наложения морфем в оттопонимических прилагательных. Вестник ПСГУ, вып. 3 (9), 2007.

[3] Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000. - 532 б.

[4] «Қазақ» газеті. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. Алматы, 1998. - 560 б.

*МРНТИ 16.21.37*

### **Н.Б.Оспангазиева**

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
кіші ғылыми қызметкері Алматы, Қазақстан

### **СӨЗ САЗЫ ЖӘНЕ СӨЙЛЕСУ МӘНЕРІ**

**Аннотация.** Мақалада қазақ тілінің сөз сазы мен сөйлесу мәнері қарастырылып отыр. Сөздің қазіргі әдеби айтылуы, сөйлеу мәнері, сөйлесу мәдениетіне мән беру керектігі. Қазақ емлесінің ғылыми-практикалық мәселелерін терең талдап, реттеп, зерделеп берген қазақ ғалымдарының еңбектері жөнінде айтылады.

**Тірексөздер:** орфоэпия, сөз, сөйлеу, сөз сазы, орфоэпиялық принцип.

### **Н.Б. Оспангазиева**

Младший научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова  
Алматы, Казахстан

### **ГАРМОНИЧНОСТЬ СЛОВА И МАНЕРА РЕЧИ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются гармоничность слова в казахского языка и манера речи. Утверждается необходимость обращения внимания на современное литературное произношение слова, стили речи и культуру речи. В статье сообщается о трудах казахстанских ученых, в которых глубоко проанализированы и освещены научно-практические проблемы казахской орфографии.

**Ключевые слова:** орфоэпия, слово, речь, лексика, орфоэпический принцип.

### **N.B. Ospangaziyeva**

Junior researcher of the Institute of Linguistics named A. Baitursynov, Almaty,  
Kazakhstan

### **HARMONY OF THE WORD AND STYLE OF SPEECH**

**Abstract.** The article discusses the harmony of the word in the Kazakh language and the manner of speech. The need to pay attention to the modern literary pronunciation of the word, speech styles and culture of speech is affirmed. The article reports on the works of Kazakh scientists, in which the scientific and practical problems of Kazakh spelling are deeply analyzed and highlighted.

**Keywords:** orthoepy, word, speech, vocabulary, orthoepic principle.

Қазақ тіл білімінде орфоэпияны зерттеп, пікір білдіріп жүрген ғалымдар қатарына Р.Сыздық, Қ.Неталиева, М.Дүйсебаева, Ә.Жүнісбек, Н.Уәли т.б. жатқызамыз. Аталған зертеушілердің еңбектерінде төл сөздердегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың орфоэпиялық ережелері берілген. Орфоэпия тілдің сөйлеу нормасын зерттейді.

Қазақ тілі емлесінің мәселелері жиырмамыншы ғасырдың елуінші жылдарында екінші мәрте назарға алына бастады: өйткені қазақ қоғамында осы кезеңнен бастап оқу-ағарту, баспа ісі, ғылым бағыттары өркендеу жолына бет бұрды және оқу-ағарту саласының, баспа өнімдерінің, ғылым жетістіктерінің қалың жұртшылықтың сапалы түрде білім, ақпарат алуына толыққанды мүмкіндік беретін қуатты көзге айналуында жазудың – қазақ тілі емлесінің, тыныс белгілерінің нормалануы мен қалыптануы маңызды рөл атқаратындығы мамандардың ғылыми-практикалық тұрғыдан қарастыруын қажет етті. Осы тұстан бастап қазақ тілі емлесінің барлық проблемалары бойынша академик Р.Сыздықтың еңбектері жариялана бастады және бүгінгі таңда академик Р.Сыздық – сан алуан, көп қырлы еңбектері арқылы қазақ емлесінің ғылыми-практикалық мәселелерін терең талдап, реттеп берген қазақ көш басында келе жатқан аса көрнекті бірегей ғалым. Орфоэпиялық сөздік тілдегі сөздердің қалай естіледі, сол қалпында айтылуын қадағалау үшін қажет. Ол сөз құрамындағы дыбыстардың қалай айтылатындығын көрсетеді. Қазіргі кездегі журналистика саласындағы диктор мамандарымызға бірден-бір көмекші құрал. Сөздерді дұрыс айтпауға, дыбыстамауға өте көп фактор әсер етеді. Ол өскен ортасы, тұрғылықты жері, алған білімі т.б.

Сөйлесу мәнерінің өзі де біркелкі емес. Оның көтеріңкі, салтанатымен және жай үнмен айтылуы бар. Салтанатты үнде кейбір сөздерді әдейі бөліп айту немесе созып айту, кейде тіпті толық әуенмен айтқандай әрбір сөзді нақтап дыбыстау орын алады. Мысалы, радио мен теледидардан берілетін мемлекеттік, халықаралық маңызы аса зор ресми хабарлар көбінесе салтанатты әуенмен беріледі. Пьесаларда да белгілі бір жағдайға (ситуацияға) орай кейбір монологтер немесе тіпті бір-екі ауыз сөз де көтеріңкі үнмен айтылуы мүмкін. Бірақ қай-қайсысында да тыңдаушыға түсінікті болып шығатын айқындықпен қатар, сөздердің сөйлеу актісіндегі бір-біріне ететін әсері, дыбыстардың бір-бірінің ыңғайына қарай үндесіп, үйлесіп айтылуы қатаң сақталуға тиіс. Бұл талап әншілер мен актерлерге, дикторлар мен комментаторларға, мұғалімдер мен лекторларға және жиын-жиналыстарда сөйлеушілерге, баяндамашыларға қойылады.

Сөз сазы дегеніміз – сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады.

Қазақ тілінің, өзге де ұлттық әдеби тілдер сияқты, тұрақталған, жалпыға ортақ заңдылықтары, яғни нормалары бар. Ол заңдылықтардың бір бөлігі сөздерді дұрыс таңдап, орнымен жұмсауға қатысты болып келеді, оны лексикалық нормалар деп атаймыз, енді бір саласы сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлемдерді құрастыра білуге қатысты болып келеді, оны грамматикалық нормалар дейміз. Дұрыс жазу заңдылықтарын орфографиялық нормалар, ал дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтарын орфоэпиялық нормалар деп атаймыз. Бұлар – ғылымдағы атаулар [1].

*Орфоэпиялық сөздік* – сөздің орфоэпиялық түрін, яғни оның қазіргі әдеби айтылуын және екпінін қамтып көрсететін сөздік. Қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасының қалыптасуына негіз болған оның бай ауыз әдебиеті [2].

Қазақ тілінде сөздер қалай жазылса, солай оқыла бермейді. Көп ретте оларды қалыптасқан орфоэпиялық жүйеге келтіріп сөйлеуді талап етеді. Бүгінгі әдеби тілдің айтылу нормасы сахна өнерінде, мектептерде, біреумен біреу ауызекі сөйлеген сөзде, күнделікті радио мен теле хабарларында, сонымен қатар көпшілікке оқылатын лекцияларда айқын байқалады. Сөздің қалай жазылуы мен қалай айтылуы бір-біріне ықпал етіп отырады. Сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігі болады. Сөзді сөйлегенде сөйлеу тілінің қалыптасқан жүйесіне салып айтпаса, тыңдаушыға онша әсер етпейді. Мәселен, «өлім аузынан қалды» дегенді – «өлүм аузынан ғалды» деп, «өгіз аян» дегенді – «өгүз аян», «өзен бойы» дегенді – «өзен бойу», «өкіл күйеу» дегенді – «өкүл гүйөу», «өкпесі өшу» дегенді «өкпесі өшүү», «өкінбеу» дегенді – «өкүмбеу» деп айтпаса, сөйлеу тілінің қалыпты нормасы бұзылар еді. Сол сияқты, «көз жұму», «көз көрген», «көз сүйек», «көз тию», «көз тою», «көз шұқу», «ақ жүрек», «ақ изен», «ала көңіл» тәрізді тұрақты тіркестерді «көж жұму», «көз гөргөн», «көс сүйек», «көз тійу», «көз тойұу», «көш шүкүу», «ағ жүрөк», «ағ ййзен», «ала гөңүл» дегенде ғана құлаққа жағымды тиеді.

Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу нормалары көрсететін практикалық құрал ретінде Қ.Неталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» 1977 жылы жарық көрді. Сөздікке тәжірибеде жиірек бұзылып айтылып жүрген 15 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестері енген. Автор емле-ережесі бойынша жазылған сөздерді қалыптасқан әдеби тіл орфоэпиялық нормасына сәйкесті оқу, айтуды негізгі принцип етіп ұстаған. Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу заңдылықтары үндестік заңдылықтарына негізделетіндігі айтылған. Яғни сөйлеу процесінде сөз бен сөздің, дыбыс пен дыбыстың, түбір мен қосымшаның, буын мен буынның аралығында болатын құбылыстар сөздікке арқау болған.

1981 жылы М.Дүйсебаеваның «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» басылып шықты. Бұған күнделікті өмірде ең жиі қолданылатын бес мыңға жуық сөздер қамтылған. Аталған сөздіктің бір ерекшелігі - мұнда сөз басында келетін *о, ө* дыбыстарының алдынан *у* (уолжа, уөрнек), *е* дыбысының алдынан *и* (иегіз, иекі), *р, л* дыбыстарының алдынан *ы, і* (ырабайсыз, ылаж, іләззат) дыбыстарының бірі қосылып айтылатындығы жақша ішіне алынып берілген. Мұның өзі алдыңғы шыққан сөздікті жаңартып толықтыра түскендігін көрсетеді. Автор бұл еңбегінде сөйлеген кезде сөз ішіндегі, сөз аралығындағы іргелес, шектес (көршілес) дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, үндесу заңдылықтары: қатаң дыбыстардың ұяңдануы, езулік дыбыстардың еріндікке айналуы, жіктік жалғауының ықшамдалып айтылуы, қатар келген дауысты дыбыстардың сусып түсіп қалуы, ортаңғы буындағы қысаң дыбыстардың (*ы, і*) айтылмай қалуы сияқты заңдылықтарды жүйелеп дәлелдей түскен. Айта кететін бір жайт қазақ тілінің орфоэпиясын зерттеушілер орыс тілі арқылы енген қыруар кірме сөздердің жазылуы мен айтылуы бәрі нақ орыс тіліндегідей деп бір жақты пікір айтып жүр. Тереңірек үңіле қарасақ, бұлардың ішінде де өзгеріп айтылатындары табылатындығы сөзсіз. Мәселен, көп томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *агент, әдіріс, әдиял, әптек, бәшке, нөмір, учаске, кәнки, кәмпеске, қаләш, қарәсін, қәртішке, кінәз* тәрізді қыруар орыс сөздерінің сөйлеу тіліндегі варианттары қоса қамтылып берілуі бұл айтылғандарға

толық айғақ болады. Олай болса, кірме сөздердің орфоэпиясы әлі күнге ғылыми тұрғыдан терең зерттелмегендігін дәлелдейді.

Қазақ сөзінің күдіретін ұққысы келетін әр қазақ академик Р.Сыздықтың [3] мына бір пікірлерін жадында ұстаса екен. Орфоэпиялық ережелерді ұсынбас бұрын олардың берілу тәртібі жайында бірер ескертпе айтуға тура келеді:

Орфоэпиялық қағидалардың ұсынылу қалпы (тәртібі, әдісі, стилі) емле ережелерінің берілу тәртібінен біраз өзгешелеу болады. Бұл құрал, бір жағынан, мектеп мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілеріне, мектеп оқушылары мен студенттерге ұсынылғандықтан, осы ережелерді жақсы игертулері және игерулері үшін, олар кеңірек дәлелденіп, түсіндірілді. Мысалдар да көбірек келтірілді. Оның үстіне үйренушілер жағтыға түсулері үшін бұл ережелерге сөйлеу тәжірибесінде тапсырмалар беріліп отырды. Ол тапсырмаларды тек сөз сазын үйретуші мұғалімдер, консультанттар т.б. ғана емес, орфоэпия ережелерін өз бетімен игеремін деген жеке адамдар да орындауларына болады, өйткені мұндай жағтығулар ережені іс-жүзінде игере түсуге әбден көмектеседі. Ережені теория жүзінде біліп алу бар да, оны іс жүзінде пайдалана білу бар ғой.

Екінші бір ескертетін нәрсе – әрбір бапта (параграфта) ұсынылған ереженің жалғасы ретінде ережеге қатысты айтылатын қосымша түсіндірулер, дәлелдемелер беріледі. Оларды да ереже бөлігі деп тану қажет.

Сөзді дұрыс айту ережелерін, олардың түсіндірмелерін, дәлелдемелерін ұсыну үстінде сөздердің жазылуы да жиі көрсетіліп отырылады, оның себебі, бір жағынан, қазақ тілінде сөздің жазылуы мен айтылуы әрдайым бірдей түсіп отырмайтындығын ескертуде болса, екінші жағынан, жазуға қарап оқып (айтып, дыбыстап), оқуға (айтуға, дыбыстауға) қарап жазып шатасу қаупінен сақтандыруда болып отыр [4].

Қорыта келгенде орфоэпияны, сөзді дұрыс жазу мен сөзді дұрыс айтуға келгенде, жалаң теорияны, яғни ережелерді білу ғана маңызды емес, тәжірибенің де, жазу мен сөйлеудің де мәні зор екенін ескерсек екен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] <https://emle.kz/articles/get/>

[2] Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006. ISBN 9965-808-78-3

[3] Рәбиға Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000, - 532 б. ISBN: 9965-06-023-1

[4] <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20839>

*MPHTI16.21.41*

**V. Chernev**

University of Warsaw, Faculty of Oriental Studies, 5th year PhD student;  
Representative in the European Union

#### AN OUTLINE OF THE ANALYTICAL APPROACH TOWARDS THE KAZAKH VERBAL MORPHOLOGY